

Важным вопросом в Восточно-тюркском каганате являлся вопрос престолонаследия. Очередность наследования престола была следующей: отцу наследовал не сын. Младший брат наследовал старшему, а старший племянник младшему дяде. По мнению Л.Н. Гумилева, подобная система престолонаследия на первых порах сыграла положительную роль. Дважды было предотвращено вступление на престол несовершеннолетнего царевича, которое могло бы поставить державу в критическое положение. Власть все время оставалась в руках опытных людей. Удельные князья в надежде рано или поздно получить верховную власть, не затевали смут и распрей, и держава расширялась по всем направлениям. Кроме того, Л.Н. Гумилев считал, что прототипом для этой системы служила преемственность от южных хуннов[5]. Другой ученый, В.В. Трепавлов в своей работе также отметил родовой принцип передачи трона у монголов в XIII в. По его мнению, это было традиционным для политических образований Великой Степи. Таким образом, Восточно-тюркский каганат имел во главе своего государства верховного правителя - кагана, который обладал всей полнотой власти. Ему в управлении помогал обширный административный аппарат - многочисленные высшие и низшие чиновники, родственники.

Здесь описана только некоторая часть тюркской титулатуры, т.к. в качестве источников была рассмотрена лишь одна группа древнетюркских письменных памятников, а именно, орхонские памятники. Тем не менее, эти данные дают нам определенное представление о развитии титулатуры знати в древнетюркском мире. Тюркский каганат, в качестве государства, включавшего в себя огромные территории и этносы, с различным образом жизни, имел развитую систему управления.

Список использованных источников:

1. Жолдасбеков М. Сарткожаулы К. Атлас Орхонских памятников. – Астана: Кюльтегин, 2006.
2. Кляшторный С.Г. Образ кагана в орхонских памятниках // ППиПИКНВ. XIII годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР. – 1977.
3. **Махмуд ал-Кашгари** Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
4. Шервашидзе И.Н. Фрагмент древнетюркской лексики. Титулатура. // В Я. – 1990.
5. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука, 1967.

ӘОЖ 821.512.122.82-3

ӘДЕБИЕТТЕГІ КЕЙШКЕРДІҢ «ҚОС ЖАРЫЛУ» ҚҰБЫЛЫСЫ

Жүнісова Айнұр Нұрболқызы

Nur-ai@inbox.ru

Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасы ШФ-11 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ж.Кішкенбаева

Қазіргі қаламгерлер шығармашылығының ерекше ізденісі ретінде адам бойындағы қоғам тудырған қайшылықтарды айту ғана емес, адамның ішкі өзімен-өзі қайшыласқан тұстарын ұсына білуі. Адам өз бойындағы әр түрлі қасиеттер – адамгершілік, ізгілік, борыш сияқты сезімдер мен зұлымдық, азғындық сияқты қасиетсіз күштердің бітіспес майданы. Яғни қаламгерлер адам тұлғасы туралы көзқарастарын өздері жасаған тұлғалар арқылы көрсетуге ұмтылды.

«Қос жарылу», яғни бір адамның екіге бөлінуі, сол арқылы өмірдің қайшылықты шындықтарын бейнелеп жеткізу – көркем әдебиеттегі ізденіс тәсілдерінің біріне айналды. Әлем әдебиетінде мұндай бейнелеу тәсілі негізінде жазылған көркем проза үлгілері аз болса да кездеседі. Мысалға алар болсақ, жапон жазушысы Эдогава Рампоның «Түнек ішіндегі

құбыжық» хикаяты, мысыр жазушысы Алайданың «Аббас әл-абд болу үшін», украин жазушысы Д.Рубинованың «Леонардоның қолтаңбасы» романдарының сюжеттік желісінде осындай кейіпкер бойындағы қайшылықты суреттеу орын алған.

Эдогаво Рампо хикаятының бас кейіпкері – Сидзуко сан. Сидзуко санға үнемі бейтаныс біреуден хат келеді. Хат жазушы бұл кейіпкердің күнделікті немен айналысатынын дәл айтып отырады. Кейіпкер бұл хаттағы жазылғандардан қатты шошынады. Мұның оңаша тіршілігін қолмен қойғандай біліп отырған кім? Осы сұрақ оны үрейлендіреді. Сөйтсе, оған хат жолдаушы өзі екен. Яғни, кейіпкер психологиялық тұрғыда екіге бөлініп кеткенін өзі де білмейді.

Алайданың «Аббас әл-абд болу үшін» романында әңгімеші жігіттің досы Аббас әл-абд бір мезгілде екі қызбен танысады. Екеуінің есімі де бірдей – Хинд. Әңгімеші жігіт досын құтқару үшін екі қызбен бір мезгілде таныспақ болады. Бір ғимараттың әр қабатында бір мезгілде кездесу белгілеп, екіге бөлініп кетеді.

Д.Рубинованың кейіпкері де ерекше болмысты болып келеді. Ерекше жаратылған қыз Анна бірнеше адамға бөлініп өмір сүріп жүргендей күй кешеді. Бұлардың қай-қайсысы да осылай «екіге жарылып» бөлінгенімен, бір бүтін түрінде ғұмыр кешушілер.

Шетел әдебиетіндегі тұрақты деп айтуға боларлық мұндай сюжеттер желісі ұлттық әдебиетімізде де жаңа сипатта көрініс берді. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі – өмірлік дамудың қайнар көзі деген заңдылық аясында қарастырсақ, бір кейіпкер болмысына күллі өмірлік заңдылық сыйдырылғанын ерекше айтуға болады. Тілдік тұрғыда оксюморонды тіркес түрінде көрініс беретін қайшылық бүтіндігі көркемдік кеңістікте тереңдей түсіп, осындай «бір бүтіннің бір болмыста екіге жарылып әрекет етуі» түріне ұласады.

Көркем прозада бинарлық-диадалық құбылысты барынша тереңдетіп, оны бір кейіпкердің жан дүниесіне көшіру, сөйтіп «екіге жарылған» бір тұлғаны сомдау – жаңа ізденістің бір сипаты. Мұндай тың тұжырымды, жаңа пішінді шығармалар қатарында көрнекті қаламгер Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесін және «Параста майданы» хикаятын атауға болады.

Т.Әбдік шығармаларының ішінде бір тұлғаның екі түрлі болып көрінуін психологиялық тереңдікпен суреттеген шығармасы – «Оң қол» әңгімесі.

Қазақ прозасындағы психологизмді жан-жақты әрі терең зерттеп жүрген ғалым Г.Пірәлиева: «Жетпісінші жылдардың басы мен орта тұсында қазақ прозасында бір құбылыс әдеби жанрда бұрындары байқала қоймаған тың көркемдік тәсілдер туа бастады. Мәселен, роман – монолог «Аңыздың ақыры» – Ә.Кекілбаев, роман – диалог «Ақиқат пен аңыз» – Ә.Нұршайықов, әңгіме – түс көру «Оң қол» Т.Әбдіков, повесть – новелла «Ақ аруана» – С.Санбаев және басқалар. Мұның бәрі қазақ сөз өнеріне өзіндік қолтаңбасымен, стильдік ерекшеліктерімен жаңаша леп әкелгендей еді» [1, 75 б] деген пікірді айтады.

Шағын ғана әңгімедегі шымырлық пен шеберлік сияқты жанр талабына тән қасиеттер бірден көзге шалынады. Автор бас кейіпкері – Алманың түсі арқылы адам санасындағы үздіксіз жүріп жатқан процесті, үрей мен қорқынышты өмір мен өлім арасындағы арпалысты, жан толғанысын көркемдікпен аша білген. Шығармадан үзінді келтіріп өтсек, парктегі гүлді жұлдырып, дәрігер жігіттің сезімін сынайтын сұлу да, тәкәппар, адал да ерке Алманың сырқаты қауіпті сырқат.

«Оң қол Алмаға терең қалың ұйқы құшағында енгенде шабуыл жасайды. Яғни өзіне қанша түсініксіз болғанымен, өзін-өзі өлтіру ниеті қыздың миында бар деген сөз. Бірақ ол ниет кімнің ниеті, қайдан келген. Алманың бүкіл өткен өмірін мінез-құлқын, адамдармен қарым – қатынасын зерттей келіп, мұны өз басынан туған ниет деуге себеп таба алмадым. Бұл қалайда қан-мен, тұқым қуалап елген деген ниет деуге болмайды. Науқастың шешесі, иә әкесінің әкесі бір кезде өзін-өзі өлтірмек болған. Енді олар әлде бір құпия заңдылықпен Алманың санасында тұрып, өздерін-өздері өлтіргілері келеді. Бірақ олардың өздері жоқ. Сананың иесі қыз өлуге тиісті» [2, 223-224 б].

Бұндай қауіпті сырқат сирек те болса, өмірде кездеседі екен. Оны медицинада адамның «екі жарылуы» десе, әдебиеттануда «адам ішіндегі адам» деген тәсілді жазушы шебер

пайдаланып, күрделі болмысты адам табиғатының қайшылықты тұстарын шеберлікпен аша білген.

«Қаламгер қай кейіпкерінің бейнесін жасамасын ол сөзге сараң, автордың ішкі сезімін сездіре бермейтін салқынқанды. Кейіпкерлері тек өзтабиғатына, дәрежесіне тән сөздерді сөйлеп ой толғайды. Шағын әңгімеде шашырап жатқан ой, оңды-солды пайдаланған сөз жоқ. Әдеби шығармада кейіпкер болмысын кесектеп, ішкі жан сырын ашуда айрықша рөл атқаратын түс ішкі монолог ретінде көрініс тапқан. Әңгімені әсерлі етіп, оқиғаны қоюлатып отырған түс – автордың үлкен табысы» [1, 77 б].

Адам баласының қоғам өмірінде алар орны, жай адам емес, жаратылысы жұмбақ, құпия қатпары көп адам жанының кілті екінің біріне ашыла бермесі анық. Оның құпиясы қалың, қайшылыққа толы бітім-болмысын тек талантты суреткер ғана таныта алмақ.

Адамның ішкі жан дүниесінің екіге жарылу құбылысын суреттеу жалпы әдебиеттегі адам психологиясын шиеленісте бейнелейтін ерекше құрал. Бұл – адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттердің тартысқа түсіп, жеңіске жететінін, не жеңіліс табатынының бейнелейтін құбылыс. Жазушы адамның екіұдай күйге түсуін, оның ішкі әлеміндегі сезім мен күштердің күресуін суреткерлік шеберлікпен жеткізе білген.

Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі дәрігер жігіттің әңгімесі түрінде берілген. Әңгіме мазмұны қысқа болғанымен, онда көтерілетін мәселелердің арқалаған жүгі ауыр көркем шығарма. Шығарманың бас кейіпкері Алма атты сұлу бойжеткеннің ажалы өзінің оң қолынан келеді. Мұндай жағдайдың себебін зерттеген дәрігерлер бас кейіпкердің арғы аталарының бірі өзіне-өзі қол жұмсағандығын анықтайды.

Шындығында да адамзат әу баста «Бәрі де адам үшін!» – деп, соның игілігі үшін деп жасаған «құндылықтары» кейін өздеріне қазылған ор болып шықпасына кім кепіл? Ал бұл мәселені «Ақиқат» повесіндегі Роберт айтқан болатын: «Адамға өз көрін өзі қазуға болмайды!». Роберт осылай десе, «Тозақ оттары жымыңдайды» шығармасының кейіпкері Янумака да «Тозақ оттары жымыңдайды» – деп өркениеттің шырақтарын көрсетіп күбірлейді.

«Оң қол» әңгімесі ауруды бақылаушы дәрігердің әңгімесі болғандықтан, бас кейіпкер Алманың жан дүниесі елеусіз қалады. Ал жан мен тәннің белгілі бір дәрежедегі үйлесімде болатынын ескерсек, өз денесінің бір мүшесі өзіне майдан ашқан адамның ішкі әлемі, жаны қандай күйде болуы мүмкін? Осындай ауыр күйді басынан кешкен Алманың жан дүниесінде, ішкі әлемінде әлдебір түсініксіз бір ойлардың, жан күйзелістерінің болуы заңды. Бұл қандай күйзелістер? Міне, осындай сұрақтар адам жанының ішкі күйзелістерін суреттеуді шығармашылығына өзек еткен жазушыны бей-жай қалдырмайды. Автор «Оң қол» әңгімесінің заңды жалғасы есебінде «Парасат майданы» шығармаларында осындай өмірлік мәселелерді көтереді. Оқырманды толғандырған сұрақтардың жауабы осы шығармада берілді. «Оң қол» әңгімесіндегі дәрігер жігіттің әңгімесі енді «Парасат майданындағы» ауру кейіпкердің күнделігіне ауысады. Өз денесі өзіне қарсы шыққан адамның ішкі әлемі де екіұдай күйге түсіп, алапат майдан ашпауы мүмкін емес екен.

Повестің эпиграфы ретінде Шекспирдің Гамлетінің өмір мен өлім туралы монологы алынған. Шекспирдің осы бір сөзі күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Демек, адам баласы саналы түрде ойлана бастаған күннен бастап осы тектес сұрақтарға жауап іздеп жүріп өмірден өтеді. Сондықтан өмір сүріп қоғам қанша әлеуметтік дағдарыстарға ұшыраса да, адамзат үшін ең құнды дүние – адамның өзі мен оның өмірі. Өмірде бір ғана мәселе маңызды. Ол – адамның өзі-өзі тануы. Адамзат өзін-өзі, өмірді ешқашан танып біле алмайды. Демек, бұл – өмірдің мәні. Адам болмысының ішкі жан дүниесіндегі түрлі құпия сырларды ашу мақсатында жазылған шығармалардың өміршендігін де осындай тақырыптың өзектілігімен, мәңгіліктілігімен байланыстыруға болады. Бұған Абайдың, әлем әдебиетінде Ф.Кафканың, Бальзак пен Мопассанның, Толстой мен Достоевскийдің туындыларын қайталап оқитынымыз дәлел болып табылады. Сонда көркем туындының өміршендігінің тағы бір кепілі – «адам жанының қозғалысын» жазуда. Бұл көптеген жазушылар өз туындыларында «сана ағымы» әдісін қолданады. Ал таза ой жүйесін бірыңғай

логикалық ашық пайымдаулар желісін арқау еткен шығармалар да кездесіп отырады. Олардың көпшілігі күнделік ретінде беріледі. Көптеген әдебиеттанушы ғалымдар дәстүрлі көркем туынды бірыңғай ашық ұғымды ой-сана коллизиясын арқау етуден тұрмайды деп есептейді.

Бұл туынды бір адамның жан дүниесіннің екіге жарылу құбылысы арқылы адам тағдырын бейнелей отырып, мәдениетті іздеп жүріп, өркениетке адасып кеткен адамзат тағдырын көрсетіп береді.

Повестің бас кейіпкері жан дүниесі екіге жарылған адам. Шығарма финалында ол адам өзін-өзі өлтіреді. Не себепті олай етті? Жазушы бұл сұраққа кейіпкер күнделігі арқылы, кейіпкердің жан әлеміне, санасының түпкі қатпарларына бойлай отырып жауап береді.

Кейіпкердің ішкі күйзелістері, сезімдері – барлығы кейіпкердің өз аузынан баяндалғандықтан, оқырманға еш күмән тудырмайды.

Жазушы Т.Әбдік бүгінде дәл осы қоғам адамының ішкі әлемін суреттеуі де ұтымды шыққан.

Шығарманың өн бойында осындай бірінен-бірі өткен сұмдық жағдайлар. Осыны оқып, көріп отырған әуел бастан адамды адам еткен қасиеттер: ізгілікті жоқтауға, жақсылық атаулының өмірде басым болуына сенуге және сол үшін күресуге пейіл кейіпкердің жан дүниесі екіге жарылмағанда не қалды? Осыдан келіп өмірден безу, жатсыну пайда болды. Ал жатсыну – өзіңнен шыққан, өзім үшін деп жасаған өз құндылықтарыңның өзіңе жауығуы, өзіңе жасаған үстемдігі.

Қоғам – адамның әрекетінің жемісі, бірақ қазіргі дәуірде сол қоғамды адам басқару мүмкіндігінен көбіне айырылған. Себебі ұлы Абай айтпақшы: «Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жанды тәнге бас ұрғыздық...». Сондықтан да, бас кейіпкер бүгінгі заманда өмірде болып жатқан келеңсіз істерге қым-қиғаш теріс әрекеттерге, бір жағынан тіксіне қарап жиіркенеді; екінші жағынан ол мүлде дәрменсіз. Осы дәрменсіздік өзіне өзі қол жұсмауына мәжбүр етті. Оның пайымдауынша әлемнің, қоғамдағы адамдардың бүгінгі кейіпі нағыз жардың жиегінде тұрғандай. Осыны ойласа болды – оның еңсесін түсірер бір зәбір-жапа бүкіл дүниесін басады да кетеді. Дегенмен, ол өзгені де, өз халін де біршама кәміл түсінгендіктен, өзгелермен де, бүкіл байтақ әлеммен де жарасымды байланысқа түскенді қалайды. Нәзік жанымен ізгілікті аңсайды, сұлулыққа іңкәр. «Бүгінгі бүкіл жүйке-тамырыңмен сезіп тұрған ашық тіршілік, рухани әлем: адам баласының жарық дүниеге келгеннен бергі бастан кешкен тарихы, қызығы мен қасіреті, үміті мен өкініші, сан мың жылдар бойына сананы сарғайтып келген парасат биігі – рақымшылдық, жанашырлық, аяушылық, жақсы көрушілік, ізгілік жолындағы жанпидалық, тағы басқа тіршіліктің мәніне айналған әулие қасиеттер – осының бәрі мәңгілік түнекке сіңіп жоқ болады дегенге көңіл шіркін көңгісі келмейді», – дейді. Бұл ойларды оқып отырып, дәл осы адамның ішінде адам айтса нанғысыз тағы бір кереғар «Меннің» барына оқырман да сенгісі келмейді. Алайда, Абай айтпақшы «адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады».

Жазушының осындай сергелдеңге түскен кейіпкерінің жан дүниесін бар болмысымен көз алдымызға әкелер тағы бір тұсы – оның түс көруі. Түсінде қараңғы, ұзыннан ұзын созылған коридорда келе жатқан ол өз басынан айырыла жаздайды. Қанжар тәрізді бір нәрсе мойнын орып өткендей. Еш жері ауырмаған еді, бірақ басы бос, бір теріге ғана ілініп тұр. «...Фойеде орындыққа отырып, басымды ілігіп тұрған жерінен бір жола жұлып алып, келесі орындыққа қойдым. Өтіп бара жатқандар маған бұрылып қарайтын секілді. Ыңғайсызданып басымды газетпен жаба саламын. «Мынау ұят болды-ау, – деймін ішімнен, – мұны қайда жасырамын» [2, 43 б]. Түс – адам жан-дүниесіндегі тылсымға құбылыстардың белгілі бір дәрежедегі көрінісі десек, жан дүниесі екіге жарылған адамның түсі де, дәл осындай түсініксіз болуы да күмән тудырмас эпизод [3, 121 б].

Т.Әбдіктің шығармаларындағы кейіпкерлер санасындағы ырықсыз өрнектер олардың тіршілігіндегі ой, арман, іс, тілек бағдарын тереңдеп ашуға үлес қосады. Бір кейіпкердің бойындағы қосарлас екінші «мен» осы ырықсыз өрнектің бірі. Екінші «мен» бас

кейіпкердің күнделігін, оның ой-армандарын оқып алып, енді оған хат жаза бастайды: «Тіршіліктің мағынасын іздеу деген бір қиын іске бел буған екенсіз. Мұның өзі, шындап келгенде, рух деп аталатын ұлы әлемге сапар шегу ғой...». ...Адам өмірі – жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысы деген қалыптасқан тұжырым әлі де ойлануды қажет етеді. Себебі, жаңағы жамандық пен жақсылықты жеке-жеке бұғалықтап, екі жаққа бөліп қоя алмайсың. Өмір ізгілік пен зұлымдықтың, жамандық пен жақсылықтың қақтығысы ғана емес, ізгілік пен ізгіліктің де, жамандық пен жамандықтың да қақтығысы. Жақсы мен жақсы да бір-бірімен айтысады, бірін-бірі құрта алады. Ендеше жақсы-жаман деген ұғымдар – шартты ұғымдар» [2, 44 б].

Басты кейіпкер өмірдегі өзін таба алмай жүрген көп пенделер сияқты енді бұрынғыдан бетер алжасайын деді. Қарсыласының пікірлерінде шындықтың белгісі де жоқ емес. Оның ойынша бұл адалдық, тазалық, өтірік, жалған деген құбылыстар туралы жаңсақ ойлап шатасып жүр екен. Ол бүгінгі адамзат қауымының ізгіліктен, парасатты биік қасиеттерден қол үзіп бара жатқандығын көлденең тартып қана қоймай, оны заңдылық деп мойындатқысы келеді. Онсыз да жаны жаралы бейшара осы хаттарды оқығанда өмірден шын баз кешіп, қоғамнан жатсынған еді. Дәрігерден осы хаттарды жазған адам өзі екенін білгенде өзінен жатсынып, өлімнен басқа құтқарар жолдың жоқтығына әбден көзі жетті. Сондықтан да, жазушының бұл туындысындағы өлім сарыны да ерекше болып шыққан. Автор өлім де өмірдің бар сұрағына жауап беретін қасиетті дүние екендігін көрсетуге тырысқан.

Ақыл мен жан – «Мен өзім», тән – «Менікі»;

«Мені» мен «Менікінің» мағынасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» – өлсе өлсін, оған бекі, – [4]

деп данышпан Абай айтпақшы, егер рух өлмес болса, тәннің қанағатсыздығы жанды улап бітпей тұрғанда өлімге бет бұру жөн іс болар деп шешті. Өзгелердің амандығы үшін өзін өлімге қиды.

Бұл туынды жалпы адамзат қоғамында енді парасат майданы басталғандығын меңзейді. Бұл майданда туғызған сол адамзат жасаған, бүгінде дүниені сілкіндіре күркіреп келе жатқан өркениет, яғни о баста адам баласы «Бәрі де адам үшін!» деп, соның игілігі үшін деп жасаған құндылықтары өзіне қазылған көр болып шығыпты. Жазушының бастапқы идеясы бойынша осы бір адасудан құтылудың жолы бар. Ол адамның бойындағы Тәңірі берген адамгершілік, кісілік қасиеттерден туындайды [5, 36 б].

Адамзаттың бар бақыты – қанағат, ізгілік деп аталатын қарапайым да қасиетті нәрселерге байланысты. Өз шығармашылығының бастапқы кездерінен-ақ дүниенің тұтқасы – ізгілікті бар өмірі мен шығармашылығына тірек еткен автор бұл жолы да парасат майданында ізгіліктің женуіне апарар жолды суреттейді. Жазушының кейіпкерлер таңдаудағы табыстары, олардың ішкі әлеміне шолу жасау арқылы көздеген идеяны жеткізе білген шеберлігі оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем»). – Алматы: Алаш, 2004. – 260 б.
2. . Әбдікұлы Т. Оң қол. – Алматы: Атамұра, 2002. – 238 б.
3. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеулер мен мақалалары. – Алматы: Жібек жолы, 2013. – 320 б
4. . <https://www.zharar.com/kz/olen/1174-abay.html> (20.03.2016)
5. Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 78 б.